

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық
институты

Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

РЕФЕРАТ

Тақырыбы: Тыныс белгілерінің қолданылуы

Дайындаған: Ы.Құттымұратова

Н Ө К І С - 2011

Тыныс белгілерінің қолданылуы

Жоспары

1. Тыныс белгілердің қолданылуы ерекшеліктері
2. Тыныс белгілерінің түрлері, қолданылу аясы
3. Қорытынды

Тірек сөздер. Әрбір тыныс белгісі-сөйлемнің мағынасын айқындауыш көрсеткіш. Сондықтан бір тыныс белгісінің орнына екінші тыныс белгісін қоя салсаң, бір сөйлемнен әлден-неше мағына ұғынылатынын білдік.

Тіпті кейбір оңашаланған айқындауыш мүшесі бар сөйлемдегі айқындауышты үтірмен бөліп жазсақ, оны қарсылықты жалғаулықсыз салалас деп қалуға болады. Бір ғана мысал алайық: Халықтың қалап ұсынған кандидаттары-әр түрлі кәсіптің, әр түрлі мамандықтың адамдары-ірі ғалымдар мен өндіріс жаңашылдары, жазушылар мен жұмысшылар, тоқымашылар мен академиктер.

Осы сөйлемдегі кандидаттары деген сөзден және адамдары деген сөзден кейін сызықша қойып жазсақ қана мағына дұрыс ұғынылады. Демек, әрбір тыныс белгісі-әр сөздің, әрбір сөйлемнің мағыналарын дәлдеп дұрыс түсіндіріуші шартты белгі, олай болса, аяқталған ойды білдіретін тілдің бір бүтін бөлшегі сөйлем болса, ол бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады. Сөйлем арқылы Адам өзінің айтайын деген пікірін екінші біреуге ауызша не жазба түрде жеткізеді. Сөйлем сазына қарай қойлатын тыныс белгілері сөйлемдегі айтылатын оймен тығыз байланысты болады. Осындай тыныс белгілерінің қатарына жататындар сөйлем аяғында қойылатын нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте. Сөйлем аяғында қойлатын бұл тыныс белгілері ойдың біршама аяқталғандығын білдіреді.

Нүкте кейде сөйлемдерді бір-бірінен бөлумен бірге күрделі ойды білдіретін бірнеше сөйлемді біріктіреді. Сөйлемдердің жігін айырып көрсетумен бірге дауыс үзілісін (паузадан) да ажыратады.

Проф. С.И.Абакумов нүкте жөнінде: «Точка ставится там, где пишущий находит нужным ее поставить, чтобы наиболее точно и ясно выразить свою мысль, чтобы читатель понял именно то, что хотел сказать писавший» деп, жақсы пікір айтқан.

Нүкте кейде сұрау, леп белгілерінің орнына да қолданылады. Леп пен сұрау белгісі ойдың аяқталумен бірге сұраулық, лептік мағынаны білдіреді. Ал нүкте аяқталған ойды хабарын ғана білдіреді.

Нүкте. 1. Біткен ойды білдіретін сөйлем аяқталған жерде дауыс ырғағы бәсеңдейді де, сөйлем тиянақты бір ойды білдіреді, сол жерге нүкте қойылады, мұндай жағдайда кейде нүктенің орнына үтір қойылады:

Бұтақпен ағаш сымбатты,

Ұрпақпен Адам қымбатты...

.....

Өспейді бұтақ бүршіксіз

Піспейді бидай қылтықсыз. (А.Т.).

Осы алынған үзіндідегі әрбір жолда аяқталған ойды білдіретін дауыс үзілісіне нүкте орнына үтір қойылған.

2. Кең түрде баяндау алдынан келетін жеке сөйлемнен не сөйлемге татырлық сөздерден кейін нүкте қойылады. Мысалы: Момын. Есдәулет-ау, асықпай, әр нәрсенің байыбына барып көрсеңізші. Сіз жас адамсыз. Кейде ыстықтай қауып қаласыз. (Ш.Х.).

3. Нүкте аяқталған толымды, толымсыз сөйлемдерден соң қойылады:

а) Жаман етікші біз тандайды. (мақал-мәтелдер)

б) Оқ жетпес жерге қылыш суырма. (мақал)

4. Бұйрық мәнді жай, хабарлай айтылған сөйлемдерден кейін нүкте қойылады.

Соқыр теке болмасын,

Аяқ-табақ сынбасын. (А.Т.).

5. Бір нәрсені істеуді, біреуден тілекті, өтінуді білдіретін сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Осы айтқаныңды басташы. Сенімен бір туғаным үшін шын бір қуанатын болайыншы. (М.Ә.).

6. Қыстырма сөйлемді алу үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиісті тыныс белгілерінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады: Ахмет үйінде қонақ болдың, ішер асынды іштің (Ахмет деп ол қайнағасы Тәкежанды айтатын) (М.Ә.).

7. Драмалық шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін ремарка (автордың түсіндірем сөздері) келсе, ол Кеше әріппен жақша ішіне алынады да, нүкте жабылған жақшадан кейін қойылады: Жұмат (есіктен басын сұғып). Уәй, жігітім, бері жақындашы! (Есен жақын барады). Танысың ба мені? (Ш.Х.).

8. Кейіпкердің айтқан сөзіне тікелей қатысы жоқ, автордың түсінігі ретінде айтылған ремаркадан кейін, көбінесе, жақша ішіне нүкте қойылады. Шуақ: Сіздің үндемегеніңіз жақсы, үндемеңіз (қалтырап).

9. Адамның қысқарған аты-жөнінен кейін нүкте қойылады: А.Тоқмағанбетов, Б.Соқпақбаев, Н.Ғабдулин, М.Әлімбетов.

10. Сөйлемнің иесін көрсету үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлемнен кейін нүкте қойылады:

Білім-бақтың жібермейтін қазығы,

Білімсіз бақ әлдекімнің азығы (М.Ә.).

11. Нүкте атаулы сөйлемдерден кейін қойылады: Абажадай кең қора. Қараңғы. Жұлдыздай жылтырыап әр жерден қораның есігі көрінеді. (Б.М.).

12. Бірыңғай мүшелерді, біртектес сөздерді тегіс атап жатпас үшін, тағысын тағылар, тағы басқалар сияқты сөз тіркестері басқа әріптерінен қысқартылып пайдаланылады. Олардың әрқайсысынан кейін нүкте қойылып, т. т., т.б. түрінде жазылады.

13. Жақты сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Біз Әлтидің інісі Ақыш дегеннің үйіне түстік (С.М.).

14. Жақсы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Ел ішіндегі жақыныңнан шыққан жауыз топтан кету керек. (М.Ә.).

15. Жалаң сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Алексей өзінің оңай олжаға алданып кеткеніне қатты ұялды. (Б.П.).

16. Егер «және» жағаулығынан басталған сөйлем дербес мағыналы болса, сол жалғаулық алдынан нүкте қойылады: Көп жерде мектептер салдырып, артына шәкірт қалдырған. Және кітап та, өлең де жазған (М.Ә.).

Нүкте мынадай жағдайда қойылмайды:

1. Күрделі қысқартылған сөздерден соң нүкте қоюға болмайды: Енсіз жапырақты кассия Пакистан мен Үндістанда өсіріледі.

2. Бастауыш мектеп оқулықтарынан басқа жерде бас тақырыптардан соң нүкте қойылмайды.

3. Егер цифрлы нөмірден немесе олардың орнына қойылатын әріптерден кейін жақша қойылса, онда жақшадан соң нүкте қойылмайды. Көркем әдебиеттің, оның ішінде поэзияның шын мағынасында көркем болуына үш шарт керек деп көрсетеді.

Жазып отырған дәуірінің объективтік шындығын айтып бере алу.

Сұрау белгісі – Сұраулық мағынасы бар, ауызекі тілде сұрау интонациясымен айтылатын сөйлемдерден не сөздерден соң сұрау белгісі қойылады. Сұрау белгісінің қойылу мағынамен тығыз байланысты:

Қара, бүгін жер қандай

Кешегі көн тулақ па?

Жерлерінді таныңдар!

Қара, бүгін ел қандай?

Кешегі бай - құлақ па?

Ерлерінді таныңдар!... (I. Ж.).

Сұрау белгісі кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздік мәні оқушыға түсініксіз неге олай деген күдік туғызғанды аңғыру үшін қойылады да, түсініксіз сөзден кейін сұрау белгісі жақша ішіне алынады: Ақын бір басқан ізін қайта шарлай береді, бір мотивті, бір лирикалық кейіпкерді қайта-қайта оралып жырлап, сұлу қыздай поэзияны жалаңаштауға (?) салынады. («Қ. Ә.»).

Сұрау белгісі, мысалы: Қайтеді, шығар, болар деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылса, ондай сөйлемдерден соң сұрау белгісі қойылады. Олардың қамын жемей қайтеді?

(Ғ. Мұст.).

Леп белгісі. Лепті сөйлемдер мағыналық, тұлғалық өзгешеліктеріне қарай бірнеше мағынаға ие болады. Сөйлемдегі осындай мағыналарды сырттай белгілейтін – леп белгісі. Леп белгісі лепті сөйлемдерден соң мына реттерде қойылады:

1. Таңдауды білдіреді: Кен екеш кенге де осындай тар Адам болады екен-ау! (Ғ. Мұст.).

2. Сүйсінуді білдіреді: Іргелі де ел, үлгілі де ғой осы орыс! (М.Ә.).

3. Кіжінуді білдіреді: Бәлем, тартар енді тістескеннің сазайын! (Ә.Н.).

4. Шаттануды білдіреді: Мен бірінші дауыс берем! Есжан. («С.Қ.»)

5. Тілекті білдіреді: Азамат басы Аман болсын, соғыс өрті қайта қоздамасын!

6. Өкінішті білдіреді:

Тәрбиелеп өсірген
Ата мен ана бұл қалды-ау
Қатын жесір тұл қалды-ау
Еңбекпен жиған мал қалды-ау! (М.).

7. Жұбатуды білдіреді: Жолдастарым мұнайма! (М.).

8. Серт, уәдені білдіреді: Жол даңғыл, сенім берік! («Пионер»).

9. Қошаметті білдіреді:

Е, жігіттер, түсіндер!
Дәм айдап келген екенсіңдер! Барымыз әзір Кәні! (М.Ә.).

10. Бұйрықты білдіреді:

Апар мұны биігіне, құзыңа!
Бер осыған дариядай ақылды!
Ұқсат мұны өзің туған қызыңа! (Х.Е.).

11. Үндеу, ұран мәнді жай сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады. Бұл сөйлемнің баяндауыштары үнемі етістіктің қалау райымен келеді. Мысалы: Ұлы Отанымыздың күш-қуатын барынша арттыра берейік. («С.К»).

12. Жігерленуді білдіреді:

Қайнайды қан,
Қайраттан, жастар! (Жастар эстрадасы)

13. Кекетуді білдіреді: дал-дал болып тұрып мықтысын қарашы!

Ә. тыныс белгілерінің ережелері. I. Нүкте. 1. Нүкте (.) хабарлы және жай, ерекше екпінсіз айтылған лепті сөйлемнің соңынан қойылады. Біздің Әбдірахман Наурызбай баласының басынан кешкен елеулі күндері бар. Ол күнді Әбдірахман ұмытатын емес (Ғ.С.)

Әбдіжаппар Нағашбекке қарап:

- Онда сен әзірлен. Мына Қартекең айтып отырған жайды да ескер. Қартеке, бұған сіз де көмектесіңіз, - деді (Ә.Ә.).

2. Адам, газет, журнал аттары басқы әріптерінен қысқартылып айтылғанда, олардың әрбіреуінен соң нүкте қойылады. И. С. Т. – Иван Сергеевич Тургенев. «С. Қ.» - «Социалистік Қазақстан» (газет аты).

Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелері санамалап айта келіп, олардың осымен аяқталмайтындығын білдіру үшін тағы сондайлар, тағы басқалар, тағы тағылар деген сөз тіркестері қолданылады. Бұларды да қысқартып, басқы әріптерінен соң нүкте қоямыз: т. с. – тағы сондайлар, т. б. – тағы басқалар, т. т. – тағы тағылар.

Ескерту: Қысқартылып, басқы әріптерінен соң нүкте қойылған жоғарыдағы сияқты сөздерді қысқарған сөздермен шатастыруға болмайды. Әдетте, қысқарған сөздердің басқы әріптерінен соң нүкте қойылмайды.

3. Пьесаларда әрбір кейіпкердің сөзінің алдынан оның аты-жөні жазылады да, соңынан нүкте қойылады.

Дәурен. Ол кісі сіздің өзіңіз түгіл, барлық ойыңызды білетін сияқты.

Айдос (тыңдап). Байсалов тыңдап тұр. Хал жаман емес. Каналдардың жобасын жаңа ғана жасап болдым. Алматыға ертең жіберемін (Ә. Ә.).

Тыныс белгілері. А. Тыныс белгілерінің маңызы. Сөздер және олардың тіркестері біздің айтайын дегеніміздің бәрін түп-түгел білдіре қоймайды. Бұл үшін сөйлеу ырғағы, пауза (тыныс, үзіліс); дауыс құбылыстары да қызмет етеді. Жазуда мұның кейбірі тыныс белгілері арқылы беріледі.

Тыныс белгілері сөйлеудің бөлініп айтылуын, әсіресе сөйлеудің бөлшектенуін, олардың қарым-қатынасын белгілейді.

Нүкте, сұрау белгісі және леп белгісі дербес, өзінің құрылысы жағынан өте күрделі бүтін ойдың соңын көрсетеді.

Нүктелі үтір мен қос нүкте анағұрлым күрделі ойдың құрамына кіретін жай дербес ойдың соңын білдіреді.

Үтір мен сызықша сөйлеудің дербестігі шамалы әр түрлі бөлімдерінің соңын білдіреді.

Сөздердің арасындағы ашық жер жеке сөздің соңын білдіреді.

Жаңа жол мен абзац жаңа ойлардың бастамасын көрсетеді.

Сөйлеуде жеке сөздер арасына тоқтап жатудың онша керегі жоқ болғандықтан, сөздер арасындағы ашық жер әдетте тыныс белгісі деп есептелмейді.

Жоғарғы айтылғандармен бірге, кейбір тыныс белгілері сөйлеудің жеке бөлімдерін мазмұны жағында да сипаттайды.

Нүкте, сұрау және леп белгілері хабарлы, сұраулы немесе лепті сөйлемдердің соңын білдіреді.

Көп нүкте айтылып келе жатқан сөздердің бітпей, үзіліп қалғанын немесе әдейі тастап кеткендікті білдіреді.

Тырнақшалар көбінесе төл сөзді білдіреді.

Жақша, сызықша, үтір белгісі бір сөз тобының алдынан және соңынан қойылғанда, сол сөз тобының кірме ретінде тұрғанын сипаттайды. Жақша мұны айқынырақ, сызықша әлсіздеу, ал үтір онан гөрі әлсіздеу көрсетеді.

Қос нүкте өзінен кейін келген сөздер тобы бұрын айтылған сөздер тобының түсінігі ретінде тұрғанын сипаттайды.

Сызықша, ең алдымен, сөйлеу бөлімдерінің аралығында олардың қарама-қарсылығын білдіреді. Ал өзінен кейін келген сөздер тобы бұрын айтылған сөздер тобының нәтижесі екенін де сипаттайды.

Үтір – ең көп қырлы тыныс белгісі, өйткені сөйлеудің бір бөлімін кірме ретінде көрсетумен бірге, ол мүлде өзгеше екі жағдайды білдіреді. Біріншіден, үтір жай және күрделі дербес ойларды анағұрлым мағыналық кішкене бөлімдерге бөледі, екіншіден, ол дербес ойларды бөлшектеп, санамалауды (бірыңғай мүшелер) көрсетеді. Сөйтіп, сөйлеу бөлімдерін бір-бірінен бөледі және оларды санамалап, бір бүтін етіп көрсетеді.

Дефис сөздердің арасында тұрып, ол сөздердің, негізінде, бір сөзге айналғандығын білдіреді және шын мәнінде тыныс белгілерінің қатарына қосылмайды.

II. Сұрау белгісі. Сұрау белгісі сұраулы сөйлемнің соңынан қойылады:

Жұрт мұнымды көрмей ме?

Батыр атақ бермей ме?

«Қой, бұл Қанден, ер шіркін

Пілге де үрген», - демей ме? (Крылов - Абай).

Ескерту: Сұраулық мән салалас құрмаластың басқы бөлімінде келсе, сөйлем соңынан сұрау белгісі қойылмай, тек үтір ғана қойылады.

Айнымалы электр ме, әлде тұрақты ма, сол жағынан мен білмеймін (Б.).

III. Леп белгісі. Леп белгісі ерекше көтеріңкі айтылған мынадай лепті сөйлемдердің аяғына қойылады.

1. Тілек (қалау) мәнді сөйлемдерден кейін қойылады.

Жолың болсын, жақсы жігіт! (Ғ.С.).

2. Қаратпаның я қаратпа аралас лепті сөйлемнің, ұранның соңынан қойылады. Барлық елдердің жұмысшылары, бірігіңдер!

Москва атты қаланың

Қорға құрыш алабын!

Бұрқана түс, балаларым,

Сәулетім, сәнім, айбарым! (Ж.Ж.)

Жеңілер кезің келді, аспан! Жеңілесің сен де, аспан! (Т.Ж.).

3. Одағайдың я одағай аралас лепті сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады. Ай, әттеген-ай! Жыланнан айырылып қалғанымызды қарашы! (Ғ. Мұст.). Қап, енді маған тағы көз іздеу керек болады-ау, а! (Ертегіден).

Ескерту: Тек өз алдына бөлек айтылған, басқы сөздерден жеке бір жолда жазылатын немесе өте күшті екпінмен айтылған қаратпа соңынан ғана леп белгісі қойылады.

Жолдастар! Біз, сабаққа кешігіп қалмау үшін, үйден ертерек шығуымыз керек. Ей, мырза! Ей, майыр! Сабыр етіңдерші (М.Ә.).

IV. Көп нүкте. 1. Көп нүкте (...) айтылып келе жатқан ой бір себеппен бітпей қалған, ой үзілген жерге, сөйлем ішінен айтылатын сөз айтылмай қалған жерге қойылады.

- Е, онда тамаша екен, ұзақ күтпеспіз. Біздің фронт ... (А.Т.). Жазғы демалысты ол үнемі Көкше маңында өткізді ... Бурабай көлін жағалай, Оқжетпеске қарай тартты ... (С.М.).

2. Цитаттың (үзіндінің) толық алынбағандығын көрсету үшін сөйлем ортасында (ортасынан сөз қалса), сөйлем аяғында (аяқ жағынан сөз қалса), сөйлем я текст басында сөз қалдырылған болса, көп нүкте қойылады.

«Казметаллургстрой құрылысшылары биылғы жылы жас қаланың балаларына арнап, тамаша етіп, он жылдық мектеп салып берді. Жарық, жылы, ауасы кең кластарда биылғы жылы мыңнан аса бала оқиды». (И.Шухов).

V. Үтір. Үтір (,) төмендегі жағдайларда қойылады:

1. Бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасында *және, мен (пен, бен)* сияқты жалғаулықтардың бірі болмаса, әрқайсысының соңынан үтір қойылады. Мөлдіреген тостағандай кара көзді, қырбық кара мұртты, қыр мұрын, жауырынды, шалқақ келген орта бойлы, әдемі кара сұр жігіт күні бүгінге шейін көз алдымызда (С.М.).

2. Қаратпаны басқа сөзден бөлу үшін, ол – сөйлем ішінде болса, жан-жағынан, сөйлем басында болса, соңынан, сөйлем соңынан болса, алдынан үтір қойылады.

- Ата, осы «Қарағанды» деген жер қандай жер? – деді Таусоғар (Ә.Ә.).

- Әй, Олжабек, бері кел!

- Оған да бір амал табылар, балам! (Ғ.Мұст.).

3. Сөйлемдегі қыстырма сөзді я сөйлемді басқалардан бөлу үшін (егер олар жақшада болмаса), үтір қойылады. Молотилканың гүрсілдеген үні ме, әлде трактор моторының гүрсілі ме, әйтеуір, әлдеқайдан, алыстан бір күшті дыбыс естіледі (И. Шухов). Алексей Ивановичпен де, әрине, күнде кездесіп тұрдым (А.П.). Айтпақшы, әлгі бөлім бастығы жазушының досы (Н.Г.).

4. Ерекше лепті түрде айтылмаған одағайларды бөлу үшін, үтір қойылады. Апыр-ау, ұмытпаған екенсің! (Ә.Н.).

5. Сөйлем басында келетін **жоқ** пен **нә** деген сөздерден соң үтір қойылады.

- Бір нәрсе болған ба? ...

- Жоқ, еш нәрсе де болған жоқ, әншейін, жай.

- Егер, жаңылмасам, - деді оған Бессонов, - біз сіздің апаңыздың үйінде кездескен болармыз.

- Иә, кездестік (А.Тол.).

6. Оңашаланған айқындауыш мүшені бөлу үшін, екі жағынан үтір қойылады. Біз, колхоз шаруалары, малды баға да, баптай да білейік (Қ.Ә.).

7. Құрмаластың (сабақтас, салалас, аралас) ішіндегі жай сөйлемдерді бір-бірінен бөлу үшін, араларына үтір қойылады. Есей шұғыл ойланып, шапшаң ақылға келеді (Ә.Н.). Итбай мен Горбунов ертеңгі шайларын жайланып ішіп, басқа ермек болмаған соң, дойбы ойнап отыр еді, терезеден айғай шықты (С.М.).

8. Артынан толық сөйлемге татырлық сөз я сөздер келген **деп**, **деді** етістіктерінен соң үтір қойылады. «Өнер – жігіт көркі» - деп, ескермедік мақалды (Ы.А.). – Ол – Жексен Бекмұқанов, - деді де, Нина билей жөнелді (Қ.О.).

VI. Нүктелі үтір. Нүктелі үтір (;) мынадай реттерде қойылады:

1. Жалпылауыш сөзден кейін санамалап айтылған, баяндауыштары біркелкі (шағы, жағы) келген сөйлемдердің соңынан нүктелі үтір қойылады. Жаңа дүниені, жаңа тіршілік жағдайларын жасау үшін, төмендегі міндеттерді орындау қажет екендігін жас балалар да біледі. Ол міндеттер: жұмысшылардың, шаруалардың қаны мен терінен әрбір жерде сығылып алынатын және әрдайым сығылып алынған мол байлықтың ат төбесіндей аз адамдардың қалтасына түсу мүмкіншілігін жою; жұртты бөлушілікті жою; азшылық көпшіліктің еңбек және творчестволық күш-қуатын қанау мүмкіншілігін жою; ... (М.Г.).

2. Бірыңғай мүшелердің жайылмалы болып келген (өз араларында үтірлері бар) топтарының арасына нүктелі үтір қойылады. Жылдың бұл маусымында әр түрлі әсем гүлді өсімдіктер болады, ал қызыл, ақшыл, қызғылт түсті, хош иісті балауса, теңге жапырақ; аппақ гүл анадайдан көз

тартатын, ортасында тілдей ғана сап-сары өзегі бар күлімсі сасыған маргаритка; иісті сарғалдақ; шоқ-шоқ гүлді, тіп-тік біткен әсем қызғалдақтар; сары, қызыл, ал қызыл, шымқай көк әдемі скабиоздар; қызғылт түсті, аздап ұнамды исі сезілетін таспа шөп; күн көзінде және жай кезінде көкпеңбек болып көрінетін, ал кешкілікте және қурай бастаған кезінде көгілтір қызғылт түрге енетін кекіре; исі жұпар аңқыған, жұлса, лезде солатын нәзік гүлді шырмауық (Л.Т.).

3. Салаластағы, сабақтастағы жай сөйлемдердің ішінен түрі әрі толық, әрі тиянақты айтылған жеке сөйлемдердің арасына (олардың қалайда бір-біріне мағынасы жақындығы еске алынып) нүктелі үтір қойылады.

Сен үшін бақша бұлбұлы,
Сұлу әнін сайраған;
Сайдың сұлу гүлдері,
Сенің үшін жайнаған (Ж.Ж.).

4. Екі я бірнеше сабақтастардың мағына жақындығы айқын білініп тұрса, араларына нүктелі үтір қойылады.

Домбырамды қолға алсам,
Ағылған күй мен жыр көрем;
Өміріме көз салсам,
Жайнаған жарқын нұр көрем (Ж.Ж.).

Кімде-кім өзін сынаудан қорықса, оның әлсіздігі; кімде-кім өз мінін көре алмаса, оның саяздығы (Ә.Ә.).

VII. Қос нүкте. 1. Алдыңғы сөйлемдегі айтылғанды соңғы жай сөйлемдер түсіндіре айтылған құрмаластың бастапқысынан соң қос нүкте (:) қойылады. Міне, қазір оның бәрі бар: жер бұрын байдікі еді, кедейге егіндік жер жетпейтін еді, қазір жер түп-түгел кедейдікі (С.М.). Әйел-ана – жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы аю Темірі де, Темірді жеңген өлім де басын иеді (Ғ.М.). Сейсенбі күні, кешкі жетіде басқарманың мәжілісі болады. Қаралатын мәселе екеу: бірі – менің баяндамам, екіншісі - өндіріс күштерін қайта реттеу. Екі мәселеге екі-ақ сағат уақыт беріледі (Ғ.Мұст.). Бірте-бірте үйдегі тыныштық бұзыла бастады: бір кезде көршілес бөлменің есігі сықырлады, қорада біреудің тарп-тарп еткен аяқ дыбысы естілді, пішен сарайда біреу түшкіріп қалды (Гончаров).

2. Жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Қазақстан таулары мыналар: Алтай, Алатау, Қаратау, Көкшетау, Қарқаралы т.б. Бізде өндіріс құралдары: фабрикалар, заводтар, станоктар мен машиналар – бәрі де еңбекшілер меншігінде.

3. Автордың сөзінен кейін тұратын төл сөздің алдынан қос нүкте қойылады. Стол басына келгенде:

- Бұл шал көнбейді, - деді Мейрам (Ғ. Мұст.)

VIII. Сызықша. 1. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлемде жалпылауыш сөз тұрса, жалпылауыш сөз алдынан сызықша (-) қойылады.

Ай, жұлдыз, күннің көзі, жер менен су ...

Бәрі де сендердікі, әлемге айғақ (Ж.Ж.).

2. Бастауышы да, баяндауышы да атау тұлғалы зат есім я зат есім орнындағы сөз болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Жақсы тәжірибе – көпке ортақ (мақал).

Біздер үшін бәрінен онай емесі – жер (Ә.Ә.).

3. Бастауыш да, баяндауыш та сан есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Алты жерде алты – отыз алты.

4. Бастауыш сан есім, баяндауышы зат есім болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Оның біріншісі – кеңсе, екіншісі – қызыл отау, үшіншісі – мед-пункт, төртіншісі – мал дәрігерлік пункті, бесіншісі – сауда дүкені, алтыншысы – радио станция (Ә.Ә.).

5. Бастауыш сілтеу есімдігінен және жіктеу есімдігінің III жағынан болғанда және бастауышты сөйлемнің анықтауыш мүшесінен шатастырарлықтай жағдайларда, оның соңында сызықша қойылады. Мынау – теректің жапырағы. Мынау – таудың тасы (С.М.).

6. Бастауыш та, баяндауыш та сын есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Жақсы – ісімен жақсы (мақал).

7. Бастауыш есімше түрінде болса, соңынан сызықша қойылады. Мына келе жатқан – біздің колхоздың бастығы (Ғ.Мұст.).

8. Бастауыш тұйық рай түрінде айтылып, баяндауыш есімдердің бірімен айтылса, олардың арасына сызықша қойылады. Тапсырманы орындау – міндет, міндетті тындыра орындаса, қонымды еңбеккүн жазылады (Ғ.Мұст.).

9. Жалғаулықсыз салалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің бірінде айтылған хабар екіншісіндегіге шарт ретінде көрсетілсе немесе жай сөйлемдердегі хабарлар бірінен соң бірі жалғаса, тетелес болғандығы көрсетілсе, алдыңғы жай сөйлемнен кейін сызықша қойылады.

Өзіне біткен өңешпен,

Аямастан қарқ етті.

Ірімшік жерге салп етті,

Іс бітті – қу кетті (Крылов-Абай).

Жұрт демін ішіне тартып тына қалды – ынтыға күткен уақыттары жеткенін бәрі де түсініп еді (Б.).

10. Төл сөз я төлеу сөзбен қатар автордың сөзі болады. Төл сөз бен автор сөзінің арасына дәнекерлік қызметін атқаратын де етістігінің алдында сызықша қойылады – Меніңше шамамыз келгеннің бәрін істеуіміз керек, - деді Матвей.

11. Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін екі я одан да көп сөздер арасына сызықша қойылады, сонда сызықша шығыс жалғауы (-дан) мен шейін шылауының мағынасын білдіреді. Көптеген паровоздар тәулігіне 450-500 километр, одан да артық жол жүреді. Еліміздегі ірі құрылыстардың бірі – Волга-Дон каналы гидрро-техникалық құрылыстардың қатарына қосылады. 1936 жылы біздің самолетіміз Бүкілодақтық спорт жұмысына қатысты. Ұшу салалары: Москва-Горький-Қазан-Сталинград-Севастополь-Одесса-Киев-Москва арқылы ұшып, бес мың километр жол жүру болды (А.Я.).

12. Сызықша кейде қыстырма сөзді қоршаған жақшаның орнына қойылады. Мұнда осы ауылдардың атасы (бұл күнде өзі қайтыс болған) Махмұт деген ноғайдың бес баласынан үшеуі отыр. Мұндағы жақшаның орнына сызықша қойып: **Мұнда осы ауылдың атасы – бұл күнде өзі қайтыс болған – Махмұт деген ноғайдың бес баласынан үшеуі отыр** деп жазуымызға болады.

ІХ. Жақша. 1. Сөйлеуші жазушы негізгі ойды білдіре келіп, жол-жөнекей бір нәрсе туралы ескерту жасайды, бірақ оған тыңдаушының, оқушының назарын аударып жатпайды. Мұндай сөз я сөйлем тізбегі жақша ішіне алынады – Мырза жігіт (Кенжетайды Айбала осылай деп атайтын) қалай? (С.М.). Сендерге тапсыратыным (ол мұны айтқанда, отырғандар демін ішіне тартып, тына қалды); бұл жердің оты қашып, өрісі алыстай бастапты (Ә.Ә.).

2. Жазушы жеке бір сөзді түсіндіру үшін, сонымен қатар жақша ашып, тағы бір сөзді қояды. Қайнар (Бастау) дегеніміз өзеннің басталатын жері. (География оқулығынан).

3. Жазылған сөз кімдікі екенін білдіру үшін, оның соңынан, жақша ішіне, автордың атын я шығарманың атын қояды.

Білгенге жол бос,	Білмеген соқыр,
Болсайшы қол бос,	Қайғысыз отыр
Талаптың дәмін татуға.	Тамағы тойса жатуға (Абай)

Еңбегің ескерусіз қалмас (Ә.Н.).

X. Тырнақша. Сөйлемде мынадай сөздер тырнақшаға («») алынады.

1. Төл сөз. «Ерте барсам, жерімді жеп қоям», - деп, ықтырма мен күзеуде отырар бай (Абай). «Уақыт болды, - деді ол, сағатына қарап, - екі минутсыз алты ...» (Е.М.).

2. Ажуа, сықақ үшін айтылған сөз немесе алынған сөз өзінің тура мағынасында мүлде қарсы мағынада қолданылғанда, тырнақшаға алынады.

Есен-сау жүрсіз бе,	Көп жерден белгілі
«Ақынның төресі?»	«Тегін құс» емесі (Крылов-Абай)

3. Сөйлем ішіндегі объект, яғни әңгіме болған, атаулар я сөз элементтері тырнақшаға алынады. Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан: «Еділ-Жайық», «Жұпар-қорығы», «Құламерген» - бәрі де айтылып еді (М.Ә.). «Ә» әрпі көбінесе сөздің басқы буынында жазылады (Грамматикадан).

4. Завод, фабрика, колхоз, совхоз, кітап, газет, журналдардың аттары сөйлем ішінде тырнақшаға алынады: «Қарғалы» заводы, «Талап» колхозы, «Шалабай» совхозы, «Социалистік Қазақстан» газеті, «Абай» романы т.б.

Ескерту: Колхоз, совхоз, фабрикаға қойылған есімдерден соң атындағы деген сөз келсе, тырнақша қойылмайды. Киров атындағы завод. Ленин атындағы колхоз. Калинин атындағы совхоз т.б.

5. Цитат (белгілі бір автордың шығармасынан алынған үзінді) тырнақшаға алынады. «Адамға ең қымбатты нәрсе - өмір. Өмір екі айналып келмейді. Сондықтан өмірді рақатпен қадірлі өмір қып өткізу керек. Өмірмен қоштасарда: менің өмірім ең қызықты, қымбатты өмір. Өйткені адам баласын

азат етуге қызмет істеді дегендей болсын. Осындай өмірді жасауға асығу керек ...» (Н.О. «Болат қалай шынықты», 239-бет).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тыныс белгілердің қолданылу ерекшеліктері қандай?
2. Тыныс белгілерінің түрлері қандай?
3. Тыныс белгілерінің қолданылу аясы қандай?
4. Тыныс белгілерінің бір-бірінен өзгешелігі неде?
5. Тыныс белгілеріне жатпайтын қандай белгілер бар?

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Уәлиев., А.Алдашева. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар.
2. Ф.Мусабекова. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы.
3. С.И.Абакумов. Методика пунктуаций. М. 1993
4. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. Алматы Тыныс 1997 ж
5. Дүйсенбекова Л. Іс-қағаздарын қазақша жүргізу. Оқу құралы. Алматы. 2001 ж
6. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. А. 1983 ж.
7. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1994 ж.
8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілер. Алматы, 1996 ж.